



БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Күләш Шамшидинова жұмыс сапары аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да болды.



ҚР БҒМ министрі әл-Фараби мұражайын, жағаяттық басқару орталығы, технопарк, «Керемет» СҚО, «SanaU Утра» жобалық кеңсесін және әл-Фараби ғылыми кітапханасын аралап, университеттің IT-технологиялар саласындағы ғылыми-зерттеу қызметімен танысты.

ЖББ аралау барысында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов министрге ғылыми-білім беру процесіне IT-технологияларды енгізу, кампус инфрақұрылымын басқаруда бұлтты технологияларды қолдану, аналитикалық жүйені қалыптастыру үшін smart-технологияларды және Big Data пайдалану туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Ол университетте сандық технологияларды белсенді енгізілуде, ҚазҰУ-да өз орталықтары мен зертханаларын ашқан әлемдегі жетекші жоғары технологиялық компаниялармен ынтымақтастық белсенді дамып келе жатқандығын атап өтті.

«Біз университеттің барлық бизнес-үдерістерін басқарудың интеграцияланған жүйесін қалыптастырдық. «Univer» ақпараттық жүйесінің арқасында бүгінгі таңда барлық оқу үдерістері, бос білім беру гранттары мен жатақханалардағы орындарды бөлу рәсімдері ашық түрде жүргізіледі», – деді Ғ. Мұтанов. ҚазҰУ-да «Оқытушы-студент» өзара қарым-

қатынас жүйесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоятын, студенттердің жетістіктерін бағалаудың жаңа әдістері мен технологиялары енгізілген. «Univer» жүйесінің базасында «Е-қызметтер» жобасы іске асырылуда, ол «бір терезе» қағидаты бойынша 500-ден астам оқу-білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық және басқа да қызметтерді жылдам және сапалы алуға мүмкіндік береді – деп атап өтті Ғ. Мұтанов.

ҚР БҒМ министрі Күләш Шәмшидинова университеттің жетістіктері мен әлеуетін жоғары бағалап, мемлекеттік даму бағдарламаларын, оның ішінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді қатысу қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ ол технопаркте студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми жобалары, әзірлемелерімен, ал медициналық орталықта диагностика және қызмет көрсету жүйесімен танысты.

Министрдің жоғары оқу орнының басшылығымен кездесуі барысында жоғары білім мен ғылымды одан әрі дамыту мәселелері, сондай-ақ оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі қадамдар талқыланды.

Өз тілшімізден

ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ

Халықаралық білім беру жөніндегі Американдық кеңес әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да табысты жүзеге асырылып жатқан «Флагман» (Language Flagship) бағдарламасын кеңейтуге ниетті. Мұндай ұсынысты Америка делегациясын бастап келген халықаралық білім беру жөніндегі Америка кеңесінің құрметті президенті Дэн Дэвидсон ҚазҰУ басшылығымен кездесуі кезінде айтты.

АҚШ делегация құрамын қарсы алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ҚазҰУ-да Американдық Кеңеспен Russian Overseas Flagship бағдарламасы аясында білім беру қызметін көрсету туралы келісім жасалған күннен бастап (2014 ж.) орыс тілін менгерудің жоғары деңгейіне жеткен 80-нен астам студент даярланғанын атап өтті. Аталған бағдарлама бойынша екі елдің студенттері тілдік дайындықтан өтіп, қажетті мамандықтарды оқып, түрлі ұйымдарда өндірістік тәжірибеден өтуге мүмкіндіктері бар.

Жалғасы 2-бетте

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ ҰШТАСТЫРУ

Кезекті ректорат мәжілісінде күн тәртібі бойынша 2018-2019 оқу жылының жазғы емтихан сессиясына дайындық туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметовтің хабарламасы талқыланды.

Биылғы жазғы емтихан 8-24 мамыр аралығында өтетіндігі белгіленген. Университетте барлығы 6 мыңнан аса емтихан өтеді. Барлық аудиториялар бейнебақылаумен жабдықталған. Ал емтиханнан кейін жазғы семестр басталып, 6 апта ішінде жүргізіледі. Жаз мезгілінде әрі көп кездесетін сауал өзге жоғары оқу орындарынан ҚазҰУ-ға студенттердің ауысуы. Егер студент ауысқысы келсе, кредит саны жағынан айырмашылық 18 кредиттен аспауы тиіс. «Сондай-ақ, емтиханнан кейін студенттер тәжірибеден өтуге жіберіледі. Осы тұста, жұмыс барысын іс жүзінде қайда, қандай тәжірибе жинақтағанын қадағалау керектігі айтылды. Өз мамандығы бойынша тәжірибе жинақтауына атсалысу, тәжірибеден өтетін орындарын нақтылап, студент ол мекемеде қаншалықты біліктілігін арттырып, нәтижеге жетуді үйрене алады сол тұсынан келгенде жаз уақытын тиімді әрі пайдалы етіп өткізуді факультет декандары мен декан орынбасарлары қадағалау керек», – деді ректор Ғалым Мұтанов өз сөзінде. ҚазҰУ-да Студенттер құрылыс жасағы жұмыс жасайды, және онда ерікті түрде студенттер демалыс айларында жұмыс істеп, университетшілік жұмыстарға көмектеседі.

Биылғы университеттің 85 жылдығына және Түлектер қауымдастығының 20 жылдығына арналған II түлектер форумына дайындық туралы әр факультет өз тарапынан атқарылып жатқан жұмыстармен бөлісті. ҚазҰУ-дың 85-жылдығымен құттықтап келемін деген барлық түлектерге жағдай жасау керектігі айтылып, қазіргі студенттермен түлектердің кездесулерін өткізу жоспарланып отыр.

Жалғасы 2-бетте

САЙЛАУ ТӘРТІБІ
ТҮСІНДІРІЛДІ



3-бет

ПУТЬ МИРА И
СОГЛАСИЯ



4-стр.

САЛАУАТТЫ ЖАСТАР –
ҰЛТ БОЛАШАҒЫ



8-бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

Мысал ретінде ҚазҰУ-дан 2018-2019 жылдар аралығында АҚШ-қа 114 студент пен оқытушы барды. Бүгінде филология және әлем тілдері және халықаралық қатынастар факультетінде АҚШ-тан келген 29 студент білім алуда. Сонымен қатар, ректор жоғары мәртебелі қонақтарды университеттің қызметі және жетістіктерімен таныстырды. Мәселен, өткен жылдың желтоқсанында Al-Farabi-2 наноспутниктері Ванденбергтегі (Калифорния) әскери-әуе кешенінен сәтті іске қосылды. 64 жерсеріктің ішіне кіретін Al-Farabi-2 наноспутнигін іске қосумен Илон Масктің SpaceX компаниясы айналысты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» Жаһандық Хабын және ЮНЕСКО-ның Орталық Азиядағы тұрақты даму жөніндегі өмірлік хабын басқарып, БҰҰ жүктеген миссияны тиімді орындайтыны аталып өтті.

Өз кезегінде халықаралық білім беру бойынша Американдық кеңестің құрметті президенті Дэн Дэвидсон ҚазҰУ басшылығының жылы лебізбен қарсы алуына алғыс білдіріп, «ҚазҰУ–көптеген жылдар бойы жоғары беделге ие болған серіктестердің бірі. Университеттің 4.0 моделін алға жылжытуы, бізді шабыттандырады. Сіздің университетіңіз қуатты, әмбебап және әрбір тәлімгер міндетті түрде өзіне қажетті курстар

ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ



мен семинарларды табады», – деді. Сондай-ақ Flagship ұлттық бағдарламасының директоры Сэм Эйзен тестілеу қорытындысы бойынша, бағдарламаны әдістемелік іске асыру сапасы бойынша, мәдени бейімделудің табыстылығы, студенттердің тұлғалық жетілуі мен тілдік дайындығы бойынша жоғары нәтижелікке жоғары деңгейде баға берді. Сондай-ақ келіссөздер барысында тараптар тек орыс

тілін ғана емес, сонымен қатар қазақ тілі мен Қазақстан мәдениетін зерттейтін АҚШ студенттерінің елеулі жетістіктерін атап өтті. Кездесу соңында тараптар жұмыс нәтижелеріне қанағаттанушылық білдіріп, өзара тиімді әріптестікті одан әрі дамыту жолдарын белгіледі.

Өз тілшімізден

РЕКТОРАТ

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ ҰШТАСТЫРУ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Университет делегациясының Дубайдағы «Таяу Шығыс пен Африка елдеріндегі ғылымды дамыту» атты QS MAPLE 2019 халықаралық көрмесіне қатысып келгендігі жайында маркетинг және рекрутинг орталығының директоры Лейла Деловарованың есебі тыңдалды. Шетелге университетті таныстыру, осындай арнайы көрмелерге қатысу көптеген жобалар мен мүмкіндіктерге жол ашатыны айтылды.

Біліктілік мәселесі бойынша университетте қызмет жолын нақты әрі өте жақсы орындап, ҚазҰУ-дың дамуына өз үлестерін қосып келе жатқан ұстаздардың ғылыми еңбек жолына жеке-жеке тоқталып, таныстырып, әлемдік деңгейдегі университеттің алға жылжуына ерен еңбек етіп жүрген бірнеше ғалымдар ғылыми атаққа ұсынылды. Тарих ғылымдарының кандидаты, баспа ісі және дизайн кафедрасының профессор м.а. Польшар Қайроллақызы Мұқанова профессор мәртебесіне ұсынылды, ал биология ғылымдарының кандидаты, биология факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының доцент м.а. Зарина Аркенжанқызы Инелованы, PhD, Қиыр Шығыс кафедрасының доцент м.а. Мионг Сун Окты, тарих ғылымдарының кандидаты, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі Молдахмет Сейдахметұлы Мырзабековты, филология ғылымдарының

кандидаты, журналистика факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Қарлыға Мысаеваны және заң ғылымдарының кандидаты, қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу, криминалистика кафедрасының доцент м.а. Әсел Бостанқызы Шарипованы қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атақтарына ұсыну туралы бас ғалым хатшы Ләззат Шайкенованың ақпары мәжіліс қатысушылары тарапынан бір ауыздан мақұлданды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша белсенді білім алушыларымызға шәкіртақыларды табысталды. Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында құрылған «Ай-Ару» орталығының жетекшісі Гүлмария Оспановаға қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенттері Балзия Көнебаева, Әйгерім Батыршаева, Қарақөз Әбдісәметке шәкіртақыларды салтанатты түрде табыстады.

Сонымен қатар, ҚР Сыртқы істер министрлігі университет ректоры Ғалымқайыр Мұтановқа және әкімшілік-шаруашылық мәселелер бойынша проректор Хәкімжан Малаевқа Ислам ынтымақтастық ұйымының «Исламды жақындастыру бойынша бастама: ИБҰ-ға мүше-мемлекеттердегі бейбітшілік пен қақтығыстарды реттеу жөніндегі перспективалар» атты халықаралық семинарды сәтті өткізгені үшін алғыс білдірген марапаты таныстырылды.

Е. АҚЖІТТ

Тарих, археология және этнология факультетінің студенттері мен докторанттарына 15 млн теңгеден астам соманы құрайтын шәкіртақы табысталды.

ШӘКІРТАҚЫ ИЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

42 студентке тағайындалған шәкіртақы иегерлерінің ішінде археология, этнология және музология кафедрасының докторанттары Ринат Жұматаев пен Айнұр Ермекбаева Италия Мәдениет Министрлігінің (OPD реставрациялық зертханасы) 1000 евро көлеміндегі шәкіртақысын иеленді. Ресейлік іргелі зерттеулер қорынан (Российский фонд фундаментальных исследований) бөлінген 2 000 000 теңге көлеміндегі шәкіртақыны Улжан Тулешова жеңіп алса, Нұртай Күнбекке Ақай Нүсіпбеков атындағы стипендия бұйырды. Марапаттау сәтінде «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығының» стипендиаты Шерхан Зұлхарнайұлы студенттер атынан ҚазҰУ басшылығы мен факультеттің оқытушы-профессор құрамына ерекше алғыс айтты.



QYSQA-NUSQA

Ekonomika және biznes joғary mektebiniñ uymdastyryymen «Bolashaq mamannyñ kásibi quzyrettiligin arttyry maqsatynda bilim berý baғdarlamalaryn jaңgyrtý» taqyrybynda gylymi-ádistemelik konferensia bolyp ótti. Sharaға kafedra oqytyshylary және bilim berý baғdarlamalary boynsha mamandar qatysty.

«Kazkommerssekúrtiz» AQ-nyñ aktivterdi basqary departamentiniñ direktory Nurlan Rahimbaev búgingi kúni halyqaralyq qarjylyq esetilik standartтарына negizdelgen býhgalterlik esep júesindegі ózekti másele dep tanylyp otyrған qarjylyq quraldar qunyn baғalaý máselesine toqtaldy. Ol baғalaý maqsatynda fyndamentaldy және tehnikalyq taldaý tásilderin pаidalany múmkindikterimer bólese otyryp, bolashaq mamannyñ kásib. quzyrettiligin qalyptastyry maqsatynda bilim berý baғdarlamasy mindetti túrde halyqaralyq qarjylyq esetilik standartтары boynsha esep júrgizý және qarjylyq esetilikti qurastyry máselelerin, qarjylyq esetilik negizinde taldaý júrgizý daғdysyn qalyptastyratyn pánderdi qamtýy qajet ekendigin atap ótti.

Ál-Farabi atyndaғы QazUÝ stýdentteri 2019-2020 oqý jylynyñ kúzgi semestrine QR BGM jarialaған akademialyq utqyrylyq baiqaýynyñ jeñimpazdary atandy.

Baiqaýға aғыlshyn tilin meңgerý deңgein rastaityn halyqaralyq deңgeide tanyлған (IELT TOEFL) sertifikatтарға ie, akademialyq úlgerimi (GPA) jaqsy және jetistikteri (mamandyq boynsha diplomdary) bar stýdentter qatysty. Nátjesinde, akademialyq utqyrylyq aiasynda ýniversitetimizdiñ 62 stýdenti 2019-2020 oqý jylynyñ kúzgi semestrinde álemniiñ jetekshi ýniversitetterinde bilim alady. Olardyñ ishinde mehanika-matematika fakúlteti «Mehanika mamandyғыnyñ 1 kýrs stýdenti Malika Sabirova da bar.

Áskeri kafedrada «Áskeri jýrnalisika» mamandyғы boynsha oqıtyn stýdentter Otan Qorғаýshylar kúni qarsaында, erejesiz jekpe-jekten álemniiñ úsh dúrkin chempiony, qolkúres, boks sheberi, álem kýbogyynyñ iegeri, Azia chempiony Ardaq Nazarovpen kezdesti.

Asyға kútken kezdesýge qaladaғы basqa da ýniversitetterden stýdentter kelip qatysty. El erteñi jastарға sportshy óz ómirinen jinaған tájirbelerimen bólisip, keñes berdi. Tarihтағы uly ámirshilderdiñ, kóshbasshylardyñ tálimi, qazaq batyrlarynyñ erligi týraly aityлған ángimeler kezdesýdiñ eñ qyzyq bólimi boldy. «Biz óz tarihyмыzdy bilýimiz qajet. Ótkeni óz tarihyн bilmegen halyq, joilyлға usbyraidy, keshegisin bilmegen halyqtyñ erteñi joq» - degen dana sózdenmen kásibi sportshy barlyq jastardy óz halqynyñ tarihyн bilip, uly tulgalardan ónege alýға shaqyrdy.

Сайлау тәртібі түсіндірілді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Алматы қаласы сайлау комиссиясының төрайымы Жанна Асанова және Алматы қаласы сайлау комиссиясының Бостандық ауданы бойынша төрайым орынбасары Гүлнар Иманқұлова университет жастарымен кездесті.



Кездесудің мақсаты сайлау тәртібімен, сайлауға келетін әрбір қатысушы құқығымен, сайлауда дауыс қалай беріледі, қандай қағидалары бар сонымен таныстыру болды. «18 жасқа толған, тұрақты тіркеуде тұрған, сотталмаған азамат дауыс бере алады. Қазіргі студенттер оқыған, білімді жастар. Дегенмен, сайлаумен бәрі айналыспайды. Заңның өз тәртібі бар. Олар сайлауға келгенде барлық талаптармен таныс болсын деген оймен кездесуге келдік. Егер студент, Алматы қаласында тұрғылықты мекен-жайға тіркелмеген жағдайда, жергілікті әкімшілікке өтініш жазып, сайлау учаскесіне тіркеледі. Мұның бәрі ертең мерзімі жақындаған кезде үлгермей қалмасын деп жасап отырмыз», -

деді Жанна Асанова. Студенттер өздерінің сауалдарын қойып, толық жауап алып, кездесу пікір алмасу форматында өтті.

Сайлауға байланысты толық әрі нақты ақпараттарды Алматы әкімдігінің сайты мен Орталық Сайлау Комиссиясының сайтынан да білуге болады.

Алматы қаласы бойынша 554 сайлау учаскесі тағайындалған. Сайлауға 20 күн қалғанда сайлау учаскелері өз жұмыстарын бастайды. Әрбір сайлаушы сайлауға 15 күн қалғанда өз учаскесіне барып өзін тізімнен тексере алады және қай сайлау учаскесіне тіркелгенін анықтай алады. 8/727/ 224-22-22 арнайы телефон арқылы да ақпарат алуға болады.

Өз тілшімізден

ДОСТАСТЫҚ ЕЛДЕРДІҢ КЕЗДЕСУІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультетінде Пәкістан Ислам Республикасы Қарулы күштері, мемлекеттік қызметкерлері мен әскери делегациясының кездесуі өтті.

Университет тарапынан пәкістандық делегацияны Бірінші проректоры М.Бүркітбаев, шығыстану факультетінің деканы Ы. Палтөре мен оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қарсы алды.

Делегация құрамында Пәкістанның Қарулы күштерінің, Мемлекеттік қызметтегі және достастық мемлекеттерден құралған 20 офицер, сондай-ақ Қазақстандағы Пәкістан елшілігінің коммерциялық кеңесшісі Basit Saleem Shah мырза болды.

Сапардың негізгі мақсаты қазақстандық саясаткерлер мен әскери, ғылыми және аналитикалық орталықтарымен кең көлемде танысып, ауқымды мәселелерді талқылау. Кездесу барысында Қазақстан мен Пәкістанның жоғары оқу орындары,

академиялық ұтқырлық саласындағы ынтымақтастық туралы мәселелері талқыланды. Профессор Г. Надинова Қазақстандағы жоғары оқу орындарының жүйесі бойынша, халықаралық қатынастар факультетінің магистранты Е.Моргуова Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі Болон Декларациясы туралы баяндама жасады. Ал докторант Н.Оспан Қазақстан мен Пәкістан арасындағы тарихи байланыстарға тоқталды. Қонақтар үшін шығыстану факультетінде урду бөлімінің ашылғаны, студенттердің урду тілін аз ғана уақыттың ішінде өте жақсы меңгергендігі тосын сый болды.

Шығыстану факультеті



Әл – Фараби атындағы ҚазҰУ химия және химиялық технология факультетінде Қазақстан Республикасының индустриалдық - инновациялық дамуы Мемлекеттік мамандарды даярлау жобасы аясында дайындалған магистратура деңгейі бойынша білім беру бағдарламасын аяқтаған магистранттарға салтанатты түрде диплом тапсырылды.

ИИДМБ – II мамандар даярлау жөніндегі мемлекеттік саясатын жүзеге асыру үшін таңдалған 11 ЖОО кіретін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2015 жылы мемлекеттік тапсырыс аясында техникалық салалар бойынша мамандар даярлауды бастаған. Биыл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «химия магистрі» академиялық дәрежесіне ие еліміздің экономикасын ілгерілетуге қажетті «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Мұнайхимиясы», «Мұнай – газ ісі» және «Нанотехнологиялар және наноматериалдар» мамандықтары бойынша 80 маман шығарды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу ісі жөніндегі проректор А.К. Хикметов түлектерге арналған сөзінде ИИДМБ магистранттарды даярлау оқу бағдарламасы жобасы аясында даярланған және еліміздің экономикасының шынайы секторындағы өнеркәсіптерде өздерінің еңбек жолдарын бастайтын әрбір магистранттың мойнына үлкен жауапкершілік артылғандығын атап өтті. Ол түлектер оқу барысында оқытушылар және өнеркәсіп өкілдерімен бірлесе отырып дайындалған,

ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК



мазмұны мамандыққа қойылатын салалық өнеркәсіптердің талаптарына сай келетін арнайы оқу бағдарламалары бойынша дайындықтан өткендіктерін атап кетті. Факультет деканы Х.С. Тасибеков жастарға арналған құттықтау сөзінде, "Біздің түлектер заманауи құрылыстар мен құрал - жабдықтарда жұмыс істей алатын, өнеркәсіптердегі технологиялық айналымдарды жаңартуға және дамытуға бағытталған тың идеяларға ұсынуға құзыретті магистр академиялық дәрежесіне ие маман" болып табылатындықтарына баса назар аударды.

Алдын ала жасалған үшжақты келісім – шарт негізінде (магистрант – ЖОО - өнеркәсіп) барлық түлектер бітіргеннен кейін экономиканың шынайы секторындағы өнеркәсіптерге жұмысқа орналаса отырып, өздерінің үлестерін сонғысының дамуына қоса алады. Түлектерге өздерінің әлеуетін толықтай ашуға және Қазақстан Республикасы дамуы игілігіндегі еңбек жолдарына сәттілік тілейміз!!

Химия және химиялық технология факультеті

«Алматы марафоны» шарасына ҚазҰУ-дың механика кафедрасының оқытушылары мен студенттері де белсене қатысты.

БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Алматыда Орталық Азиядағы ең ауқымды жүгіру жарысы өтті. Оған әлемнің 53 елінен келген 17 мың спортшы қатысты.

Механика кафедрасының доценті Қарлығаш Алибаева марафонды (42 км) жүгіріп өтсе, жартылай марафонды (21 км) кафедра маманы Нұртілеу Қарқынбеков, 4 курс студенттері Әмірхан Темірханов мен Әлібек Молдағалиев, 10 км қашықтықты кафедра магистранттары Арай Қырғызбаева, Ерболат Асылбек, Аяна Сагиндикова және Балжан Сарсенова, ал балалар қашықтығына (3 км) доцент Д. Туралинаньң балалары қатысып, жүйріктер атағына таласты.

«Алматы марафоны» жарысының мақсаты бір жағынан салауатты өмір салтын насихаттау болса, екінші жағынан қайырымдылық іс шара. Жарысты ұйымдастырушылардың берген ақпараттары бойынша биылғы жарысқа қатысушылардың жарнасынан түскен қаражаттың бір бөлігі балаларға арналған спорттық алаңдарды тұрғызуға жұмсалмақ.

Осындай бүкіл әлем қолдап отырған ізгі істерге қатысып, белсенділік танытқан әріптестеріміз бен студенттерімізді құттықтаймыз! «Алматы марафонына» қатысушылар көбейелі деген сенімлеміз!

Өз тілшімізден

Студенты КазНУ имени аль-Фараби стали победителями конкурса МОН РК по академической мобильности

С 2015 года в вузах начали активно работать центры Ассамблеи Народов Казахстана. Значимость идеи заключается в том, чтобы заложить среди обучающихся студентов знания о социальных процессах в стране, казахстанской модели общественного согласия и национального единства.

ПУТЬ МИРА И СОГЛАСИЯ



Центр АНК при КазНУ имени аль-Фараби был создан в 2016 году, и работает на базе всех кафедр социально-гуманитарного направления, чем отличается от многих других. Как отмечают сотрудники АНК, двухлетний опыт показывает эффективность данного метода работы, поскольку интегрируется потенциал всех кафедр. За всеми достижениями центра стоит труд каждого преподавателя университета, направленный на реализацию государственной политики в сфере общественного согласия и национального единства, обеспечения стабильности в стране.

Центр функционирует по двум направлениям: научная деятельность и учебная работа. Первое подразумевает реализацию научных проектов, где разрабатываются рекомендации по укреплению межнационального и межконфессионального согласия. Важный международный проект университета под руководством ректора Г.Мутанова называется «Формирование граждан добродетельного общества. Миссия современных университетов». Данный проект поддержан и реализуется совместно с Альянсом цивилизаций ООН в рамках соглашения, подписанного с Верховным представителем Альянса Насиром Абдулазиз Аль-Насером. Не так давно, в КазНУ прошел III Международный медиа форум Ассамблеи народа Казахстана «Сананың ашықтығы», Всемирный корейский форум с участием АНК.

Изданы монографии по проблемам межэтнического и межконфессионального согласия, студентами в рамках докторских и магистерских диссертаций и выпускных работ проводятся научные исследования. Сейчас очень много говорят о культурно-просветительском проекте «Қазақтану». Отметим, что идея его создания зародилась в КазНУ еще в конце 90-х годов. Автор проекта - доктор философских наук, профессор Ж.Ж. Молдабеков. Именно он разработал первый курс «Қазақтану» и написал первую монографию. Кроме того, преподаватели центра являются членами научной экспертной группы АНК. В Центре существует уникальный музей этнопедагогике, который создан кафедрой педагогики и образовательного менеджмента.

По учебной работе разработаны новые образовательные курсы, способствующие формированию патриотизма, демократических ценностей у молодежи, новые Типовые программы, включающие разделы «Мәңгілік ел», «Рухани жанғыру», новые модули - «Социально-политические и исторические основы современного общества», «Глобальные вызовы современной экономики». Преподаются дисциплины «Педагогика полткультуного воспитания», «Государственно-межконфессиональные отношения в РК», «Культура мира, толерантность и межэтнические отношения». Надо отметить, что в 2018 году в университете была открыта новая специальность «Конфликтология». Думается, что через год первые профессиональные конфликтологи, медиаторы будут работать и проходить практику в структурах АНК.

Особенно важное значение придается

музей этнопедагогике, который создан кафедрой педагогики и образовательного менеджмента.

По учебной работе разработаны новые образовательные курсы, способствующие формированию патриотизма, демократических ценностей у молодежи, новые Типовые программы, включающие разделы «Мәңгілік ел», «Рухани жанғыру», новые модули - «Социально-политические и исторические основы современного общества», «Глобальные вызовы современной экономики». Преподаются дисциплины «Педагогика полткультуного воспитания», «Государственно-межконфессиональные отношения в РК», «Культура мира, толерантность и межэтнические отношения». Надо отметить, что в 2018 году в университете была открыта новая специальность «Конфликтология». Думается, что через год первые профессиональные конфликтологи, медиаторы будут работать и проходить практику в структурах АНК.

Особенно важное значение придается



в университете воспитательной работе с молодежью, которая направлена на духовно-нравственное воспитание, изучение деятельности Ассамблеи народа Казахстана через лекции, конференции, олимпиады, мероприятия с этнокультурными объединениями, выступления в СМИ. При этом сами студенты вовлечены в данный процесс. Если сказать о самых основных проектах, то это - «Мен жастарға сенемін!», «Мой реальный вклад в инновационное развитие Казахстана», «Что я могу сделать для процветания своей страны?», «Мәңгілік ел – мұратым!». Именно студенты являются главными реализаторами этих проектов.

Все научные и методические разработки были представлены в рамках расширенного заседания Научно-экспертного совета Ассамблеи народа Казахстана. 15 марта текущего года Центр посетили заместитель Председателя Ассамблеи народа Казахстана, заведующий Секретариатом АНК Администрации Президента РК Ж.К. Туймебаев, член АНК Л.А. Прокопенко и члены научно-экспертной группы Алматы.

Университетом разработана модель перспективного развития «Университет 4.0». Ориентиром для ее создания стала программа «Рухани жанғыру», где ставится главная задача – подготовка не только квалифицированных специалистов, но и воспитание духовно-нравственных граждан мира. Учеными и преподавателями университета были проведены социологические исследования социального инжиниринга при поддержке Фонда Конрада Аденауэра. Была выпущена монография «Сосуществование этнических групп в Казахстане». Научно-образовательный центр также включен в работу АНК при поддержке Фонда К. Аденауэра.

Большую работу ведут языковые кафедры университета, которые тесно взаимодействуют с партнерами, что также показывает ответственность всех субъектов учебно-воспитательного процесса по воспитанию патриотизма, формированию основных принципов общенационального согласия.

Факультет философии и политологии



Лауреат премии А.Ф. Кони



Петровская академия наук и искусств (Санкт-Петербург) избрала казахстанского академика, юриста Сартаева Султана Сартаевича действительным членом академии, а также присудила ему премию имени Анатолия Федоровича Кони за крупный вклад в развитие государства и права.

Санкт-Петербургских ученых, а 19 апреля 1992 года - зарегистрирована Минюстом РФ.

Академия создана для восстановления традиций императорской академии наук и именуется Петровской для увековечивания памяти и утверждения роли Петра I в ее основании. Академия объединяет ученых, представителей искусств, деятельность которых направлена на сохранение и улучшение жизни, обеспечение свободного творчества на благо людей, духовное возрождение России. Здесь учреждена премия имени Анатолия Федоровича, российского юриста, судьи, литератора, судебного оратора, члена Государственного совета Российской империи, Почётного академика Императорской Санкт-Петербургской Академии Наук по разряду изящной словесности, доктора уголовного права Харьковского университета, профессора Петроградского университета.

Юридическая общественность Казахстана, читатели и редакция «Казак университеті» сердечно поздравляют Султана Сартаевича Сартаева, патриарха казахстанской юридической науки с высокими научными наградами и желают ему крепкого здоровья и новых творческих успехов!

Касым МАУЛЕНОВ,
доктор юридических наук,
профессор

Первоначально Петровская академия наук и искусств была основана по Указу Петра Первого 28 января 1724 года. После распада СССР вновь утверждена 7 декабря 1991 года сообществом

Чуткий педагог

Престиж химического факультета создавали известные ученые, элита химической науки и образования, учителя и наставники многих поколений химиков.

Это была пора великих педагогов, возрадивших и воспитавших не одно поколение учеников, которые успешно продолжают дело своих учителей. Одним из достойных представителей когорты ученых является наш коллега, доктор химических наук, профессор Шалдыбаева Айман Магзумовна. После окончания в 1971 году химического факультета КазГУ обучалась в аспирантуре Института органического катализа и электрохимии АН КазССР. Кандидатскую диссертацию защитила в Институте электрохимии АН СССР. С декабря 1974 года работала на химическом факультете КазГУ старшим научным сотрудником, доцентом.

В 1996 году защитила докторскую диссертацию, спустя два года ей было присвоено ученое звание профессора. С 1998 по 2002 год работала директором высшего колледжа, заведовала кафедрой неорганической и аналитической химии в Восточно-Казахстанском государственном университете, затем вернулась на химический факультет и продолжила научную и педагогическую деятельность на кафедре аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов.

Айман Магзумовна успешно сочетает научно-исследовательскую работу с педагогической и общественной деятельностью, читает лекции по базовым и элективным курсам. Результаты ее научных исследований легли в основу авторских курсов лекций, разработанных и читаемых в докторантуре, магистратуре и бакалавриате. Ею опубликовано более 110 научных работ в международных, союзных и республиканских изданиях, в том числе 8 учебно-методических пособий. В течение ряда



лет она являлась членом советов по защите докторских диссертаций.

Профессионал, прекрасный лектор, внимательный, чуткий педагог, ее любят студенты, уважают коллеги, ценят в научных кругах. Для нее характерен жизненный оптимизм, скромность, трудолюбие. Айман Магзумовна - эталон порядочности и интеллигентности в студенческой и академической среде. Мы рады поздравить ее с юбилеем и пожелать здоровья, счастья, благополучия, дальнейших профессиональных успехов во имя процветания химической науки и нашего университета!

**А. МУСАБЕКОВА,
Л. КУДРЕЕВА,**

доценты кафедры аналитической коллоидной химии и технологии редких элементов

ФИБРАТТЫ ҒАЛЫМ

Биылғы жыл – құт мекеніміз, еліміздегі іргелі оқу орындарының бірегейі, 85 жасқа толған, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін ерекше жыл. Мереілі мерекеге толымды табыстармен жетуімізге механика-математика факультетіндегі жалындаған жастар мен Дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасындағы қазыналы қарттарымыздың үлесі бар екендігін мақтан тұтамыз. Сондай жәдігер жандардың бірі, сексеннің сеңгіріне шықса да, білім беру мен ғылыми ізденістер жолында тер төгудің ерен үлгісін көрсетіп келе жатқан Шәріпхан Сахаев ағамыздың фибратты өмірін тілге тиек етсек деп едік.



Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Шәріпхан Сахаев 1939 жылдың мамыр айында екі дүниенің бесігі Түркістан аймағындағы Шәуілдір (Отырар) ауданының Шенгелді ауылында бұл фәнидің өсігін ашыпты. «Аша тұяқ калмасын» деп ұрандатқан аштық, халқымыздың қаймағын сыпырған «Халық жауларын жою» сияқты жан түршігерлік нәубеттерден соң өмірге келген бүлдіршіннің балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына тап келгенін қайтерсің?!

Қабырғасы қатпай жоқшылықта шындалған жас өркен алғаш рет 1946 жылы шайлада мектеп табалдырығын аттап, ақыры аудан орталығындағы мектепті 1956 жылы медальмен бітіріп шығады. Сол албырт шағында Мәскеуде конструкторлар дайындайтын Бауман атындағы жоғарғы техникалық училищесіне студент болуды армандайды. Дегенмен, етекпен тартқан жоқшылық бұл арманды сағымға айналдырғанымен, Орта Азия және Қазақстан өңіріндегі абыройлы асқақ оқу орны Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне (САГУ) математикадан жазбаша емтиханды беске тапсырып, екі күнде студент болып шыға келеді. Осы университетті тамамдаған соң, профессор И.С.Аржанин жетекшілігімен 1961 жыл КазССР ҒА аспирантураға түсіп, кейін В.А.Стеклов атындағы математика институтының Санкт-Петербург бөліміне (ПОМИ) ауысады. Онда әйгілі академик О.А.Ладыженская мен профессор В.А.Солонниковтің жетекшілігімен дербес туындыны теңдеулер және математикалық физика бағыты бойынша іргелі білім алып, 1974 жылы КСРО Академиясының Санкт-Петербург бөлімшесінің математика институтында профессор В.А.Солонниковтің жетекшілігімен “Разрешимость одной краевой задачи магнитной гидродинамики в функциональных пространствах” тақырыбында кандидаттық диссертацияны табысты қорғайды.

1979 жылы КазГУ-ге доцент қызметіне конкурспен өтіп, 2001 жылы докторлық диссертация қорғаған соң, күні бүгінге дейін профессор болып қызмет жасап келеді.

Бүгінгі күнге дейінгі осынау еңбек жолында Шәкең тек сабақ берумен шектелмей, еліміздегі,

әсіресе қазақ балалары үшін өзекті мәселелердің бірі қазақ тіліндегі оқулықтар жеткіліксіздігінің орнын толтыруда жалпы саны жиырмаға жуық монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын жазып зор үлесін қосты. Ғылым саласында да еңбегі зор десек қате айтпағанымыз болар еді, себебі Ш. Сахаев 3 ғылым кандидатын тәрбиелеп қорғатты. Бүгінгі таңда отандық және шет елдік рейтингілі ғылыми журналдарда 200-ден астам ғылыми мақалалары жарық көрді.

Нәтінде жаны таза, ісі мен сөзіне берік, қақсоқпен жұмысы жоқ кісінің бойындағы іліп алар, көзге шалынар елеулі бір қасиеті болса, оның атын қарапайымдылық деп білу керек болса, профессор Шәріпхан Сахаев туралы сөз болғанда кең мағынасындағы бас әріппен жазылатын дәл осы Қарапайымдылық бірден ойға орала кетеді. Ол кісінің әрдайым өзін бірқалыпты ұстайтынына тәнтіміз.

Табиғатында мейлінше момын, кішіпейіл, таза еңбектен басқа қысыр сөзге әуестігі жоқ, дарынды, қабілетті шәкірттеріне ғылымының асыл мұратын түсіндіруден жалықпайтын мейірімді ұстаз, шын мәніндегі үлкен адам, азамат Шәріпхан Сахаевтің өмірлік һәм ғылымдық жолы – ғылым әлеміне қадам басқандардың қай-қайсысынан да өнегелі жол демекпіз.

Қос арнада еңбек еткен, ұстаздық пен ғалымдықты қатар ұштастырған Шәкеннің ізгілігі, кісілігі, бәрі осы қос арнада көрініс тауып, кейінгіге ғибрат бола бермек.


Шәкірттерге пәнді үйретумен шектелмей, өмірлік дұрыс ақыл-кеңес беріп, адамгершілік пен имандылыққа баулып, жүріс-тұрысымен және мінезімен баршамазға үлгі-өнеге көрсетіп, өз ісіне сауап тұрғысынан мольнан мән беріп, қоғам тәрбиесіне жауапкершілігін терең сезінуден талмай жүрген Шәріпхан ағамыздың мерейі үстем бола берсін!

Т. ИМАНҚҰЛ,

Дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасының профессор м.а.,

Х. ХОМЫШ,

Дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасының меңгерушісі.



География және табиғатты пайдалану факультетінде «Қазақстандағы апаттар қаупін азайту бойынша ғылымдағы жас зерттеушілер және жас мамандарды жұмылдыру» атты семинар өтті



Издательский дом «Қазақ университеті» подвел итоги ежегодного конкурса «Лучший сотрудник».

Основной целью конкурса является повышение квалификации специалистов Издательского дома «Қазақ университеті». Безусловно, подобные мероприятия способствуют улучшению качества работ и мотивируют на новые достижения! В этом году формат конкурса был пересмотрен – сотрудникам не нужно было соревноваться в рамках своей профессии по принципу «каждый сам за себя». Теперь, главной задачей было укрепление корпоративного духа и создание новых прототипов продукции.

Жеребьевка определила членов команд – сотрудников разных специальностей: менеджеров по продажам и маркетингов, дизайнеров, редакторов, работников типографии и рекламного сектора AL-FARABI PRINT, а начальники отделов выступили в роли капитанов.

По условиям конкурса командам дали задание в двухнедельный срок разработать и изготовить два абсолютно новых продукта – первый в рамках обязательной программы должен был рассказать об издательском доме, второй – на произвольную тему, т. е. это должно было быть любое изделие на

усмотрение участников. Основные требования к продукции – высокое качество, креативная идея и экономическая выгода.

Таким образом, были сформированы 6 команд и разработаны следующие продукты: команда № 1 разработала брошюру об издательском доме и ежедневник «Уақыт бізге берілген үлкен сый» с мотивационным наполнением, оригинальным дизайном. Преимущество – интегральная обложка. Команда № 2 – буклет с описанием полиграфической продукции ИД «Қазақ университеті», фирменный блокнот и брелок с логотипом «капли» издательства. Команда № 3 – комикс-путеводитель по AL-FARABI PRINT. Героями комикса стали участники команды, рассказывающие в легкой и непринужденной форме, как создается сувенирная продукция, какие специалисты участвуют в процессе производства. Вторая продукция – декоративный светильник «Пара», который можно приподнести в качестве подарка на помолвку, свадьбу, годовщину и другие памятные даты.

Команда № 4 – ежедневник-планинг, в котором используется матрица Эйзенхауэра.

В ПОИСКЕ НОВОГО

Вторая продукция – ходунок «Тэй-тэй», изготовленный из экоматериалов, для малышей, делающих первые шаги. Команда № 5 – сувенирная мини-книга «Абайдың кара сөздері» и корпоративный кодекс издательского дома. Вторая продукция – первый ежедневник на казахском языке, на латинице, с закладкой двух алфавитов, содержащий такие разделы, как новые цели, задачи, достижения, реализация планов, личностный рост и другие. Команда № 6 – видеокнига в виде имиджевого альбома, на каждой странице которой размещена не только информация об издательстве, но и QR-коды, с помощью которых можно просмотреть видео из YouTube-канала издательства. Вторая продукция – блокнот для изучения иностранных языков, предлагающий новый метод изучения иностранных языков: страница для грамматики, закладка на каждый день для изучения новых 10 слов и 10 предложений на эти слова.

Действительно, конкурс стал настоящим праздником для всех! Каждой команде удалось проявить творческие и организаторские

способности. Весь подготовительный период команды находились в поиске идей, проводили исследования и эксперименты. Например, одним из результатов таких поисков явилось изучение и внедрение технологии производства интегральной обложки – экономически выгодного и компромиссного решения между мягким и твердым переплетами.

Победитель конкурса был определен по результатам голосования членов жюри и капитанов команд. Главный приз достался команде № 1. Капитан команды – начальник отдела учебных изданий Карлығаш Умирбекова.

Мы уверены, что конкурс «Лучший сотрудник» будет и в дальнейшем способствовать росту творческого потенциала сотрудников Издательского дома «Қазақ университеті» и формировать высокую корпоративную культуру, а также надеемся, что вскоре вы сможете увидеть новую продукцию на полках наших фирменных магазинов.

Соб. корр.



МӘДЕНИЕТ

Ф.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар және жасөспірімдер театрында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Шығыс Қазақстан облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы Семей қаласының «Дариға-ай» жастар театрының 20 жылдық мерекесіне орай «Шәкәрім. Жолсыз жаза» спектаклі қойылды.

Бұл қойылым Шәкәрім Құдайбердіұлының 160 жылдығына орай ақынның «Мұтылғанның өмірі» поэмасының желісі бойынша жаңаша форматта сахналанып отыр. Сахналық нұсқасын жасаған Амангелді Бахтинов, режиссер Жұлдызбек Жұманбай.

«Мұтылғанның өмірі» шығармасы – ақынның өзі жайлы, қоғамға, адамға деген көзқарастары, өзінің өмірлік қағидалары жайлы өмірдастан.

«Шәкәрім. Жолсыз жаза» қойылымы Шәкәрім поэзиясын дәріптеп, жас ұрпаққа әндерінің сырын ұғындырған кәсіби әнші Келденбай Өлмесекөвтің орындауында жазылған Шәкәрімнің әндерімен ашылды.

«Дариға-ай» жастар театрының директоры А.Бахтин көрермен қауымға ақжарма алғысын айтып, осы театрды алғаш негізін қалаушыларға, ат салысқан есімдерге тоқталып, осы театрдың ардагер әртістерімен және осы спектакльдің режиссері Ж. Жұманбайды таныстырды.

ТАҒЫЛЫМ



Қойылымдағы басты кейіпкерлер Шәкәрім рөлін – Еркебулан Нұғманов, Кәрі Шыңғыс – Естай Шәріпұлы, Әуліш рөлін – Ғалымбет Тасболатов шебер сомдап, көрерменге ерекше көңіл-күй сыйлады. Ақынның балалық шағынан жүріп өткен өмір жолы бойында өзінің бар бітім-болмысын, жандүниесін, дүниеге, тіршілікке деген танымын айшықтайтын туындысында – поэзиядағы өзіне тән даралығы мен тұлғалық сипаты дараланады. Басқа да көпшілік сахнада театр әртістері С.Ахметова, А.Абдрахман, И.Азизов, Н.Аптеева, Р.Бейсенұлы, А.Жадранова,

Е.Қасымбеков, Ә.Серікқалиев, Қ.Сыбанова, Т.Орашев, Б.Құсаинова, Х.Тұрсынғалиева өнер көрсетті. Сахнада Шәкәрімнің поэзиясы, әндері, К. Джиренбаеваның биі, сондай-ақ жерлес коспозитор Тұрсынғазы Рахимовтың Шәкәрімге арналған әні орындалды.

Спектакльдің айтар ойы: Адамдық борыш ар үшін, Барша адамзат қамы үшін. Серг бергем еңбек етем деп, Алдағы атар таң үшін, – деп «ар» ілімін өмірінің мақсаты деп танып, елінің қамы үшін ерінбей еңбектеніп, келешек

ұрпағына өшпестей мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын білімнің, еңбектің, арлықтың, елін сүйе баулудың үлгісі деп танып, болашаққа ұмтылу.

Шараға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының ғалым-ұстаздары Қ.Борбасова, К.Бегалинова, А.Өмірбекова, докторанттары және мәдениеттанушы, исламтанушы студенттері қатысты.

Мәдени шара барысында ел болашағы жастардың бойына Шәкәрім рухын сіңіру, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында театрдың әдеби бөлімінің меңгерушісі Г.Құдайбергенова мен докторанттар С.Амантайқызы, Д.Ахметжанов «Мәңгі ұмытылмасқа...» көрмесін ұйымдастырып, «100 кітап» жобасы аясында ақынның өмір жолы мен шығармашылығы хақында, имандылық, адамгершілік, адам мінез-құлқының принциптері мен нормалары «Шәкәрімнің «Ар ілімі» хақында студенттерге арнайы экскурсия жүргізіп, мол, тың ақпараттар берді. Студенттер экспозицияны тамашалап, ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

Салтанат МҰКАТАЕВА,
«Мәдениеттану» мамандығының
1 курс PhD докторанты;
Алия ӨМІРБЕКОВА,
философия ғылымдарының кандидаты, доцент

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті «Талапкер 2019» бағдарламасы бойынша шетелдік студенттерге «Ашық есік» күнін өткізді

ЖАЛЫНДАҒАН ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әскери кафедрасы «Әскери журналистика» мамандығы бойынша оқитын студенттер Отан Қорғаушы Күні алдында, Ережесіз жекпе-жекте әлемнің үш дүркін чемпионы, қолкүрес, бокс шебері, әлем кубогының иегері, Азияның абсолютті чемпионы Ардақ Назаровпен кездесуге қатысты.



Аталмыш кездесуді асыға күткен, студенттер аламыздың басқа университеттерінен де келді. Спортшы өз өмірінің тәжірибелерімен бөлісіп кеңестерін берді, жастарды спортпен шұғылдануға шақырып, өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарап, биік шыңдарға жете беруіне ниет білдірді. Оның өсиеті халқына деген махаббатымен патриоттық сезімге толы болды. Сонымен қатар Ардақ отбасындағы құндылықтарды бағалауға, ата-на құрметтеуге, еңбекқор болуға, өзін-өзі кемелдендіруге үлкен көңіл аударды. «Бұл дүниеде еш нәрсе еңбексіз болмайды, алға қойған мақсатқа жету жолы еңбек» - деп белгіледі чемпион!

Тарихтағы ұлы өміршілердің, көшбасшылардың тәлімі, қазақ батырларының ерлігі туралы айтылған әңгімелер іс шараның

ең қызық бөлімі болды. «Біз өз тарихымызды білуіміз керек. Үйткені өз тарихын білмеген халық, жойылуға ұшырайды, кешегісін білмеген халықтың ертеңі жоқ» - осындай дана сөздермен кәсіби спортшы барлық жастарды өз халқының тарихын біліп, ұлы тұлғалардан өнеге алуға шақырды.

Кездесу ашық форматта өтті, студенттер қызықтырған сұрақтарын қойып, оларға пайдалы жауап алды. Шара сонында іс-шараны ұйымдастырған ҚазҰУ-дың «Атамекен» студенттік патриоттық ұйымы, химия және химиялық технология факультетінің деканы барлық студенттердің атынан Ардақ Назаровқа жастарды патриоттық сезімде тәрбиелеуге белсенді үлес қосқаны үшін өздерінің ерекше алғысын білдірді.

Әскери кафедра

Загадочная ЯПОНИЯ

В рамках профориентационной работы преподаватели кафедры Дальнего Востока провели мероприятие «Загадочная Япония», в котором приняли участие старшеклассники Алматы и студенты отделения японоведения.



Первокурсники рассказали о кафедре Дальнего Востока, отделения японоведения, в котором учатся, провели занимательную викторину для старшеклассников. Неподдельный интерес школьников к стране Восходящего солнца, ее традициям, языку и великой истории был налицо, они с энтузиазмом отвечали на вопросы о Японии. Самые активные школьники, ответившие правильно на большее количество вопросов, получили в подарок японские сувениры.

Студент первого курса Рахманкулов Артур исполнил песню на японском языке. В конце мероприятия школьники посмотрели видео о возможностях обучения в Японии, в беседе с организаторами мероприятия получили ответы на интересующие их вопросы о восточной стране, некоторые из них даже изъявили желание поступить на факультет востоковедения и изучать в дальнейшем японский язык.

Соб.контр.

«Green Campus» – «Зеленые кампусы» университетов мира, или движение по переходу на устойчивое развитие началось в 90-х и прошло через две революционные волны.

«GREEN CAMPUS» – СИМВОЛ ДРУЖБЫ

В первую волну разрабатывалось видение и определялись потребности кампусов внедрить инновации для снижения воздействия на окружающую природную среду. Университетские городки представлялись энергоэффективными зданиями, студентам и преподавателям предоставлялось местное органическое питание, сеть велосипедных дорожек располагалась по всему кампусу. В 90-е университеты по всему миру экспериментировали с различными проектами «Green Campus» и появлялось все больше успешных примеров. В этом отношении КазНУ имени аль-Фараби активно развивает международные связи и занимает лидерские позиции. Так, он стал первым университетом в стране и регионе, вошедшим в программу United Nations Academic Impact. Каждый год по программе «Green Campus» студенты реализуют немало «зеленых» дел.

Первокурсники факультета истории, археологии и этнологии, совместно с преподавателями в рамках проекта «Зеленый кампус КазНУ» провели благоустройство территории университетского городка, в

котором принял участие приглашенный лектор программы «Привлечение зарубежных ученых», преподаватель Университета Хаджеттепе (Турция), доцент, ассоциированный профессор, заместитель директора Института Ататюрка Сейфи Иылдырым. Любимое дело профессора, посадка цветов, очень увлекло студентов, тем более что семена Сейфи Иылдырым привез с собой из Турции. «Самая прекрасная пора из всех сезонов это – весна. Пора пробуждения природы, обновления, вдохновения и расцвета. Весна – время перемен к лучшему в душах и судьбах людей. Нужно освоить культуру посадки цветов, которая в первую очередь является подарком природе, и во-вторых, забываемыми эмоциями для вас», – поделился профессор. Студенты искренне пообещали присматривать за новой клумбой, новым символом их дружбы.

А. ДҮЙСЕБАЕВА,
Г. МЕНСИТОВА,
преподаватели факультета
истории, археологии и этнологии

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

«Механика» мамандығын бітіруші түлектер үшін сегізінші семестрде ұйымдастырылатын педагогикалық практиканың маңызы зор болды.



Аталған мамандықтың 14 түлегі С.А.Ходжиков атындағы №39 мамандандырылған физика-математикалық лицейде өткіздік. Бес аптаға созылған тәжірибе барысында біздің студенттер физика, математика және информатика пәндерінен сабақ берді. Жүректеріңдегі қорқыныш пен үрейді, сенімсіздікті жеңіп, бар білімдерін оқушылармен бөлісті. Оларға практикант ретінде ғана емес, нағыз ұстаздың көзімен қарап, шәкірттерінің мүддесі үшін ашық сабақтар өткізумен де айналысты. Жанашылдыққа талпынағын жастар ретінде сабақтарымызды барынша ерекше түрде, арнайы жабдықталған заманауи кабинеттерде және ағылшын тілінде де жүргізіп отырдық.

Дәл осы тұста, бізге ұстаздық бақытты сезіну мүмкіндігін сыйлап, жетекшілік еткені үшін – физика-математика ғылымдарының кандидаты, кафедра менгерушісінің орынбасары – Динара Туралинаға, педагогикалық практика жетекшіміз, оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары - Меруерт Досымбековаға алғысымыз шексіз! Практика соңында педагогикалық практиканың есебін тапсырып, лицейдің оқу-ғылыми іс-шараларында ерекше көзге түскен студенттер мектеп директоры НайлаМаликованың алғыс хатымен марапатталды.

Нурлан АҚПЕРОВ,
Механика мамандығының
4 курс студенті

С 16 по 18 мая в КазНУ пройдет V Российско-Казахстанская научно-практическая конференция «Химические технологии функциональных материалов»

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Нұрсұлу Алғожаеваның жетекшілігімен «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 1 курс магистранттарымен «Имандылық-тәрбиенің діңгегі» атты тақырыпта семинар сабағы өтті.

ТӘРБИЕ ДІҢГЕГІ



имандылық тәрбиеден бастау алу қажет. Өйткені имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі-бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Адамның жарық дүниеге келуі,

өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюуы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмаған. Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Бойына адамгершілік асыл қасиеттерді жинап өскен жасты “көргенді” деп, жүрегінен нұр, өңінен жылу кетпейтін, әрдайым жақсылық жолын ойлайтын, әр істе әділдік көрсететін адамдарды “иманды” деп атаған...

Семинарда сонымен қатар имандылық тәрбиесіне байланысты бейнебаяндар көрсетіліп, талданды. Сабақтың аяғында имандылық тәрбиесіне байланысты ұсыныстар айтылып, қорытынды жасалынды. Жалпы семинар сабағы болашақ мамандардың кәсіптік деңгейлерінің дамуына, бойында иманы Ғ адам болып қалыптасуына септігін тигізе өнегелі сабақ болды деп айта аламыз.

А. ҚУАНЫШБАЕВА,
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

Семинар сабағы барысында имандылық тәрбиесі, оның қазіргі қоғамда алатын орны, өзектілігі, имандылық тәрбиенің, адамгершілік тәрбие мен рухани адамгершілік тәрбиенің арасындағы айырмашылықтары талқыланып, өмірден өнегелі мысалдар келтірілді. Бірнеше зерттеу тобы құрылып, имандылық тәрбиенің қазіргі таңда мектепте, отбасында қалай беріліп жатқанын анықтау мақсатында мектеп оқушыларынан, мұғалімдерден және ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесімен бөлісті.

Сауалнама қорытындысы бойынша имандылық тәрбиені беру бір жақты ғана болмау керек, бұл «мектеп-отбасы» жүйесінің ынтымақтастығын қажет етеді. Мектеп пен отбасының беріп жатқан тәрбиенің мақсаты бір болу керек. Ал тәрбиенің іргетасы



САЛАУАТТЫ ЖАСТАР – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Университетіміздің қабырғасында Қазақстанның ғана емес, әлемнің әр түпкірінен келген студенттер білім алып, ғылым саласында өз үлестерін қосуда. Қазақстанның жетекші ұлттық университетінде білім алушылар үшін барлық жағдай толықтай жасалған. Ғылыми институттар, кітапхана мен студенттер сарайынан бөлек спорттық-сауықтыру орталығы мен «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы бар. Бізде білім алушылар саны айтарлықтай көлемді. Сондықтан білім алушылардың білім деңгейі мен жетістіктерін ғана емес, денсаулығын қадағалау да басты назарда.



болды. Осыған қарамастан дәрігерлер қысқа мерзім ішінде 16 факультет студенттерінің денсаулығын тексеруде немқұрайлы қарамай, жіті тексерістен өткізу қажет болды. Бұл жүйе білім алушылар үшін де, дәрігерлер үшін де өте ыңғайсыз әрі жүйке тоздырарлық кезең болды.

Қазіргі таңда «Smart Health» медициналық орталығы ашылғаннан бастап, бұл қайшылықтар жойылды, әрі міндетті медициналық тексеруден бөлек, студенттер өздері үшін де профилактикалық тексеруден кез - келген уақытта өте алады. «Smart Health» медициналық орталығы кең көлемдегі комплексті медициналық қызметтерді көрсетеді. Орталықта диагностиканың барлық түрлері, соның ішінде, зертханалық анализдер,

рентген, электродиагностика, ультрадыбыс, позитрон-эмиссионды және компьютерлік томография, гастроэнтерологиялық зертхана жұмыс істейді. Сонымен қатар, хирургиялық оталар да жасалады.

«Smart Health» медициналық орталығы алдыңғы қатарлы заманауи техникалар мен құрылғылармен жабдықталған. Лазерлік және лапароскопиялық құрылғылар толық тексерістен өткізуде таптырмайтын техника болып саналады. Мұндай жабдықтар кейбір қалалық емханаларда да жоқ деп айтсақ болады. Сертификатталған мамандар жұмыс істейтін жедел жәрдем көрсету кабинеті де бар.

Жоғары оқу орындарына түсу кезінде талапкерлерден міндетті медициналық

тексерістен өту туралы талап қойылады. Сонымен қатар, оқу процесі кезінде де жыл сайын медициналық комиссиядан өту тұру қажет. Бұл тек қана Заң талабы ғана емес, білім алушылар қоғамның белсенді мүшесі болғандықтан және қоғаммен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан денсаулық жағдайлары сау-саламатты болғаны жөн. Қазақ ұлттық университетінде жыл сайын өтетін медициналық тексеріс «Smart Health» медициналық орталығында тегін өтеді. Университетімізге түскен студенттер үшін осы орталықта жеке амбулаторлық карта ашыла Сол карта бойынша әрбір білім алушылардың денсаулығы жайында мәлімет жазылады. Жыл сайын өтетін медициналық тексеріс өту үшін белгілі бір маман дәрігерлердің тексеруі, оның ішінде түрлі медициналық талдамалар жасау, флюорография және тағы басқа тексерістерден өтуі аса маңызды.

Неліктен жыл сайын медициналық тексеруден өтіп тұру қажет деген сұрақ туады. Себебі, әртүрлі жағдайларға байланысты студенттердің денсаулығына қауіп төнуі мүмкін. Бір рет өткен медициналық тексеріс біраз жылға дейін сенімділік бере алмайды.

ҚазҰУ-да медициналық тексеруден өтуге тиімді әрі жақсы жағдай жасалған. Заманауи құрылғылармен жабдықталған медициналық орталықтың мүмкін болатын аурудың барлық түрлерін анықтап және оны емдеуге мүмкіншілігі орасан зор.

Жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, спорттық шараларға белсенді қатысуы көңілге қуаныш ұялатады. Оған дәлел түрлі халықаралық, республикалық, облыстық жарыстарда жастардың топ жарып, жүлделі орындарға ие болуы. Сонымен қатар, күнделікті өмірде де спортпен айналысып жүрген жастар қатары көбеюде. Бұл – болашақта ұрпақтың сау әрі белсенді болуының айғағы.

М. АСЕМБАЕВА,
А. НУРМУХАНОВ,
жылуфизика және техникалық физика кафедрасының куратор-эдвайзерлері

ҚҰРЫЛАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тишілер: **Еңлік АҚЖІПТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**
Фототіші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 7, ректорат, II-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Талсырыс: №662

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.